



5-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық және бірінші құқық
иеленушілер





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық және бірінші құқық иеленушілер

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Авторлық құқықтағы авторлық ұғымы көптеген өзге салаларда қолданылатын мағынамен бірдей емес. Оның бір себебі, авторлық құқықтағы автордың белгілі бір рөліне байланысты. Нақтырақ айтқанда, Авторлық құқықта автордың айналысында көптеген ережелер мен ұғымдар тоғысады. Мысалы, әлгінде ғана байқағанымыздай, автордың статусы туындының қорғауға жататынын әлде жатпайтынын анықтауға көмектеседі. Тіпті кейде нәтижесіндегі туындының түпнұсқалығы автордың қосқан үлесіне қарай анықталады. Өзге ситуацияларда туындылардың көптеген түрлерінің авторлық құқық мерзімі автордың өмір сүру ұзақтығына қарай нақтыланады. Сол секілді Біріккен Корольдікте мойындалатын моралдық құқықтар қарастырылып отырған туынды авторына тиісілі.

1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңдағы (CDPA 1988) анықтамаға сәйкес, «автор – туындыны жасайтын тұлға». Туындыны жасауға бірнеше тұлға қатысқан жағдаяттар арнаулы нормалармен реттеледі. Картина немесе скульптураның туындыгерін «автор» ретінде сипаттаудың әлегі көп болғанмен, әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындыларының авторларын анықтау аса қиындық тудыра қоймайды.

Алайда, кәсіпкерлік және компьютерлік туындыларға байланысты көбірек проблема туындайды. Бір жағынан, авторлық ұғымы мұндай туындылар туралы қалыптасқан ойымызбен қабыспайды, яғни, дыбыс жазбасының, типографиялық безендіру немесе трансляцияның авторы болатыны, тіпті, авторлық құқықта қолданылатын кең мағынасында ойымызға кіріп шықпайды. Мұндай жағдайларда «автор» – бұл құқықтарды бөлу үшін пайдаланылатын жасанды құрылым, әйтпесе, заңды фикция екенін түсіну өте маңызды. Мұны біз дыбыс жазбалары, эфирлік хабар тарату (трансляция) және типографиялық безендірулер туралы айтқанда, «автор» дегеніміз – (туындыгермен салыстырғанда) туындының пайда болуына елеулі үлес қосқан тұлға» анықталуынан байқаймыз. Ал, компьютер көмегімен жасалған әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркемөнер туындыларына келсек, «автор» дегеніміз – «туындының жасалуына қажетті барлық шарттарды орындаған тұлға».

1988 жылғы Заңда бірқатар заңдық презумпциялар енгізілгендіктен, туындының авторын анықтау оңайлана түсті. Заңның 104-бөліміне сәйкес, әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындысын жариялаған немесе жасалған кезде аталатын есім автордың есімі ретінде қабылдануға тиіс. 105-бөлімде дыбыс жазбалары, фильмдер және компьютерлік бағдарламаларға арналған ұқсас презумпциялар бар. Тек, азаматтық істерде әрекет ететін бұл презумпциялардың бәріне ортақ түйіні – қарастырылып отырған туындының шынайы туындыгері «атаулы» автордан басқа біреу екенін дәлелдеу ауыртпалығы соны даулап отырған тұлғаға түседі.

Әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындысының авторы – оны жасаған тұлға. 1988 жылғы Заңда оның мағынасына қатысты қосымша мағлұмат берілмеген. Бұған қатысты жалғыз ескертпе заңның 3 (2)-бөлімінде берілген. Онда «туындыны фиксациялаған немесе таспаға түсірген тұлғаның автор болуы міндетті емес» деп жазылған (алайда, әдетте бұл сот талқылауына түрткі болады). Әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркемөнер туындыларының авторын анықтау аса қиындық тудырмайтынын ескерсек, автор ұғымының осы тұрғыда түсіндіруіліне заңдық нұсқаулықты жетіспеуі соншалықты өзекті проблема емес.

Дейтұрғанмен, кейде «әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындыларының жасалуына қатысқан тұлғаны автор (немесе туындыгер) ретінде тану қажет пе, жоқ па?» деген сұрақ кесе көлденең тұрады. Бұл сұраққа жауап берудің жолы туындының түпнұсқалығын анықтау жолына ұқсас. Негізінде, әлдебір тұлғаны автор қатарына жатқызу үшін оның туындыға қосқан үлесі авторлық құқықпен қорғалатын еңбектің түрі мен көлеміне лайықты екенін дәлелденуге тиіс, яғни оның үлесі туындының түпнұсқалығын нақтылайтындай болуға тиіс. Біріккен Корольдіктің түпнұсқалықтың жаңа еуропалық стандартына ойысуына байланысты терминология өзгеруі мүмкін, сондықтан «интеллектуалдық өнімге» үлес қосқан тұлға ғана автор ретінде қабылданады.

Қандай ұғым қолданылса да, стенографист, жеке хатшы немесе жай ғана туындының фотокөшірмесін жасаушы немесе айнытпай көшіруші жеке адамның автор ретінде қабылдана қоюы екіталай. Өйткені не сіңірілген еңбек пен машық бұрыс бағытта болған, не қосылған үлестің туындыны жеткізу формасымен байланысты «шығармашылық таңдауға» еш қатысы жоқ. Алайда, туындыны жасау барысында болмашы ғана «шығармашылық таңдау» білдірге адам автор ретінде мойындалуы әбден мүмкін. Мұның айқын мысалын *Cummins v. Bond* ісінен көре аламыз. Онда сот «сеанс кезінде аруақтардың айтқанын «автоматты түрде хатқа түсірген» бақсыны нәтижесіндегі туындының авторы» деп ұйғарды. Бақсы аяндарды жазу, сондай-ақ рухтармен «белгісіз тілдегі» байланысты «архаикалық ағылшын тіліне» аудару барысында асқан епектілік танытқан, сондықтан ол автор ретінде қабылдануға лайықты «машық, еңбек пен күш-



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық және бірінші құқық иеленушілер

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

жігер» (сол кездегі түпнұсқалық критерийі) жұмсады деп саналады.

Әлдебіреудің қосқан үлесі кітаптың немесе пьесаның идеясы, компьютерлік бағдарламаның құрылымы секілді абстрактілі күйде болса, оның түпкілікті туындының авторы ретінде қабылдана қоюы неғайбыл. Демек, «біреудің атынан жазылған» кітаптың әңгіме желісін түзу үшін жеке адамның өз басынан өткергенін айтып беру хикаятты әңгімелеушіні нәтижесіндегі кітаптың авторы етуі екіталай; оның орнына, әңгімені орайлы жеткізудің жолын тапқан жалдамалы жазушы заң жүзіндегі автор ретінде қабылданады. Әйтсе де, қосылған үлес неғұрлым нақты болған сайын әңгімелеушінің автор ретінде қабылдануы да соғырлым ықтимал. Осылайша, «жалдамалы жазарманға» қарама-қарсы құбылыс – әлдебіреу нұсқауға бағынатын басқа біреуге мәтінді ауызша баяндап, тыныс белгісіне шейін айтқан кезде, Біріккен Корольдік заңы терімші-хатшыдан гөрі мәтінді ауызша айтушыны автор ретінде тануы әбден мүмкін.

Түпнұсқалық талабынан байқағанымыздай, сіңірілген еңбек «бұрыс бағытта» болса, жеке адамның туындының дүниеге келуіне еңбек күшін жұмсауы түпкілікті туындының міндетті түрде түпнұсқа екенін (немесе сол тұлғаның автор екенін) білдірмейді. Мысалы, кітапты бас-аяғы бүтін өнім күйінде шығаруда редактор еңбегінің маңызы зор, әйтсе де ол нәтижесіндегі әдеби туындының авторы емес.

Компьютерде жасалған әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындының автор ретінде «туындының жасалуына қажетті барлық іс-шараларды атқарған тұлға» танылады. Тиісті тұлғаның анықтау нақты фактілерге байланысты болғанмен, әдетте ол компьютерді басқаратын, компьютерлік жүйеге мәліметтерді енгізетін адам немесе тіпті бағдарламашы болуы мүмкін.

Кейде әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркемөнер туындысының авторын анықтау мүмкін емес. Автордың есімі туындыда көрсетілмегенде немесе авторлықты анықтаудың басқаша жолы болмағанда осылай болуы мүмкін. Сонымен қатар, автор туындысының жасырын, бүркеншек есіммен немесе псевдониммен жариялануын қалауы мүмкін. Авторлық құқықтың көптеген ережелері автордың қам-қарекеті төңірегінде тоғысуы бірқатар қиындықтарға душар қылады. 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңы бұл түйткілді «белгісіз автор» ұғымын енгізу арқылы шешеді. Егер авторы белгісіз болса, әрі оның жеке тұлғасын саналы жолмен анықтау мүмкін болмаса, онда авторы белгісіз туынды саналады. Аталмыш жағдайда туындының авторы қашан дүниеден өткенін білу мүмкін болмауы себепті автор алғашқы авторлық құқық иеленуші болып қалады, ал авторлық құқық мерзімі туынды жұртшылыққа қолжетімді болған күннен бастап 70 жылға (осы кезең бітпестен қолжетімді болмаса, туынды жасалғаннан күннен бастап 70 жылға) созылады.

Айталық, эфирлік хабар әлде дыбыс жазбасының авторын анықтау барысындағы кез келген қиындықтар 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңның 9(2)-бөліміне сәйкес шешіледі. Ондағы ереже әртүрлі кәсіпкерлік туындының авторы кім екенін айқындайды. Заңның 9 (2) (aa)-бөлімінде «дыбыс жазбасының авторы – продюсер» деп атап көрсеткен. Өз кезегінде, «продюсер» – «дыбыс жазбасын жасауға қажетті барлық іс-әрекеттерді атқарған тұлға» деп анықталады. Көбінесе, дыбыс жазушы компания дыбыс жазбасының «продюсері» болып есептеледі. Алайда, бұл фонограмма бірлесіп жасалғанда немесе оны таратудың дәстүрлі емес тәсілдері (мысалы интернет) қолданылғанда өзгеруі мүмкін. Бұл жердегі «продюсер» ұғымының мағынасын келесі бөлімде егжей-тегжейлі талқылаймыз.

1988 жылғы Заң күшіне енген кезде авторлығын анықтау үшін фильмдерді фонограммалармен қатар қойды: «фильмнің жасалуына қажет іс-әрекеттерді атқарған тұлға» фильм авторы ретінде анықталды. Біріккен Корольді заңын Мерзім туралы директивамен сәйкестендіру үшін 1988 жылғы Заңға өзгерістер енді. Оған сәйкес, 1994 жылдың 1 шілдесінен кейін түсірілген фильмнің авторлары – продюсер мен бас режиссерге тиесілі. Екеуі бір адам болатын жағдайды қоспағанда, бас режиссер мен продюсер тең автор саналады. Бас режиссердің фильмнің авторы деп танылуы британдық авторлық құқық заңындағы бұрын тек ұйымшылдық (ұжымдық) туынды ретінде ғана қарап келген фильмді ұйымшылдық және авторлық туындының қосындысы қатарына көтерген елеулі өзгеріс болды.

Фильмнің продюсері дегеніміз – «фильмнің дүниеге келуіне қажет ұйымдастыру іс-шараларын атқаратын тұлға». Фонограмманың продюсеріне де дәл осындай анықтама қолданады. Жеке адамның фильм немесе фонограмма продюсері екені соттағы айғаққа қарай анықталады. Негізінде, қайсысы фильм продюсері, қайсысы фонограмма продюсері екенін анықтау аса күрделі шаруа емес. Авторлық құқық меншігін бөлісуге байланысты мәселелердің басым бөлігі келісімшарт негізінде нақтыланады. Алайда, фонограмма мен фильмдер шығаруға әртүрлі адамдардың атсалысуынан проблема туындауы мүмкін. Олардың бразы фильмнің немесе фонограмманың өндірісін ұйымдастырған немесе септігін тигізгенін алға тартуы кәдік.

«Продюсер» ұғымы өндірістік процесстің бел ортасында жүріп, туындының дүние келуін үйлестіретін,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық және бірінші құқық иеленушілер

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

бақылайтын және ұйымдастыратын тұлға (немесе көбінесе компания) екенін білдіреді. Сондықтан «продюсер» болу үшін тұлға белгілі бір деңгейде өндірістің ұйымдастырылуына тікелей бас-көз болуы қажет. Егер тұлға жай ғана түсірілімге қатысты тапсырма беріп немесе қаржыландырумен шұғылданып, процестің тек бір шетіне ғана араласып жүрсе, ол продюсер болып есептелмейді. Әйтпесе, банктер мен кредиттік мекемелердің барлығы автор санатына жатқызылар еді ғой. Ал, қаржыландыру басқа да бас қатыратын шаруалармен қоса сол тұтас «қажетті ұйымдастырушылық шараларының» біреуі ғана болуы мүмкін.

Дыбыс және телевизиялық трансляциялар жағдайында, автор дегеніміз – сол эфирлік хабарды жасаушы тұлға. Егер тұлға трансляцияны қабылдап алып, оны бірден ретрансляция жасаса, онда түпнұсқа эфирлік хабарды жасаушы авторы болып табылады. Жарияланған басылымның типографиялық безендіруінің авторы – баспагер.

Бірлескен зерттеу мен шығармашылық авторлар үшін жұмыс істеудің ең жемісті, өнімді тәсілі саналады. Авторлық құқық шығармашылықтың бұл амалын «бірлескен авторлық» (тең авторлық) ұғымы арқылы мойындайды. Бірлескен авторлықпен шыққан туындыны қолдану сияқты бірқатар маңызды жайттар бар. Әдетте, бірлескен авторлық туралы айтқанда, әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындыларын еске алғанымызбен, кез келген туынды бірлескен авторлық арқылы жасалуы мүмкін. Әлгінде байқағанымыздай, 1988 жылғы заңда екеуі бір адам болмаса, фильм бас режиссер мен продюсер арасындағы бірлескен авторлық туынды ретінде есептелетіні нақты көрсетілген. Сонымен қатар, 1988 жылғы заң бірлескен авторлық түсінігін «хабарды жасауға біреуден артық адам қатысқан» – яғни, бағдарлама мазмұнына «жауапкершілік» жүктейтіндер мен «оны таратуды ұйымдастыратындар» атсалысқан трансляцияға да қолданады. Фонограммалар мен жарияланған басылымдарға бірлескен авторлық туралы арнайы анықтама берілмеген.

Кейбір айрықша жағдайларды есепке алмағанда, былайғы уақытта «екі немесе одан да көп авторлар біріге отырып жасаса, әрі әр автордың үлесі бір-бірінен айырмашылығы болмаса, ол бірлескен авторлық туынды саналады» деген жалпы қағидат қолданылады. Туынды төмендегі үш шартты қанағаттандырса бірлескен авторлық туынды болып табылады:

(i) Біріншіден, әр автор туындының жасалуына атсалысқанын дәлелдеу қажет. Тұлға тең автор ретінде танылу үшін оның қосқан үлесі «қомақты» әрі «ерекше» болуға тиіс. Түпнұсқалық талабы оңай орындалады: ол үшін үміткердің үлесі «шығармашылық таңдаудан» (бұрынғы «машық пен күш-жігер») тұруы ғана талап етіледі. Ал үлестің «қомақты» болуы жайындағы талап анағұрлым күрделі. Бұл жердегі «қомақты» деген сөздің мағынасын «эстетикалық тұрғыдан маңызды» дегеннен гөрі, «айтарлықтай» немесе «едәуір» немесе «қарабайыр емес» деп түсінген дұрыс. Бірлескен автор болу үшін туындыға қомақты әрі түпнұсқа сипаттағы үлес қосу міндет болғанмен, аталған үлестердің бірдей мөлшерде болуы талап етілмейді. Дегенмен, үлес «дұрыс бағытта» болғаны жөн: мысалы, әннің сөзін шығарысқан адам, әдетте, әдеби туындының бірлескен авторлығына ие болады, бірақ музыкасының бірлескен авторлығына талас алмайды; музыканы «орындауға» қатысқаннан орындаушы оның бірлескен авторына айналмайды.⁴⁹ Тура солай, «интерпретациялауға мен театрлық қойылымға» қосылған үлес драмалық туындыны жасауға қосылған үлес саналмауы тиіс. «Тең немесе бірлескен авторлық туындыға» қарама-қарсы ұғым – «музыкалық туынды авторы мен әдеби туынды авторының ынтымақтастығы».

(ii) Екіншіден, бірлескен авторлық туындыға қойылатын екінші талап – туынды авторлардың ынтымақтаса жұмыс істеуінің нәтижесі болуға тиіс. Яғни, туындыны жасауға кіріскенде, ортақ бір дизайн, әріптестік немесе авторлардың басын біріктіретін жалпы жоспар (тіпті тым жайдақ мағынада болса да) болуға тиіс. Авторлардың белгілі бір ортақ жоспар бар жерде олар бір-бірімен ынтымақтасу үшін жақын орналасудың қажеттілігі жоқ. Демек, бір адам өлең жазып, ал екіншісі оны өзге тілге аударса, онда түпнұсқа өлең авторы аударманың бірлескен авторы бола алмайды. Сол секілді музыкант бұрыннан бар музыкалық шығарманы өңдегенде, түпнұсқа музыкалық туындының авторы кейінгі туындының бірлескен авторлығына таласа алмайды. Оның орнына екеуіне екі бөлек авторлық құқық беріледі.

(iii) Үшіншіден, бірлескен авторлық туынды ретінде танылуы үшін туындыға қосылатын тиісті үлестер бір-бірінен өзгеше әрі дара болуы қажет. Барынша позитивті тұрғыдан қарағанда, бұл әрқайсысының үлесі біртұтас дүниеге (жекелеген туындылар сериясы емес) тоғысуға тиіс дегенді білдіреді. Мәселен, егер авторлардың үлестері ешқайсысы туындының қандай да бір қомақты бөлігіне «мынау менің жасағаным» деп нұсқай алмайтындай тоғысса, олар, сөзсіз, бірлескен автор болады. Авторлық құқықта авторлық пен иелік бұрыннан бір-бірімен тығыз байланысты. Шынында, 1709/10 жылдары қабылданған Анна Статутының бір ерекшелігі – онда авторды өздері шығарған әдеби меншіктің алғашқы иегері ретінде



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық және бірінші құқық иеленушілер

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

мойындайды. Осы негізгі формула 1988 жылғы Авторлық құқық, Дизайн және Патент туралы заңда (CDPA 1988) осы негізгі формула қайталанады. Ол бойынша туындының авторы – авторлық құқықтың бірінші иегері. Дегенмен, авторлық құқық әуелден авторға тиісілі екенін нақтылайтын ережеден тыс бірқатар жағдайлар бар. Ең бірінші әрі ең маңызды мәселе қызметкерлер орындаған туындыға қатысты.

Бұлардың барлығын мұқият қарастырмас бұрын, автор бірінші иегері болғанмен, авторлық құқық үшінші тараптарға берілуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Бұл кез келген кезеңде авторлық құқықтардың иегері кім екенін анықтау туынды алғаш жасалғаннан бері оның авторлық құқығы қалай өзгергеніне байланысты. Келешекте авторлық құқықты өзге тұлғаға өткізу бойынша келісімшарт жасалуы мүмкін екенін ескерсек, авторлық құқық пайда болған сәттен оның алғашқы иегері заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес оның құқықтары бірден екінші тараптың меншігіне өтеді.

1988 жылғы Заңның 11(2)-бөлімі, әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындысы қызмет барысында жасалғанын теріске шығаратын келісімшарт болмаған жағдайда, жұмыс беруші туындының кез келген авторлық құқығының алғашқы иегері саналады. Қызметкерлер өздері жасаған туындыларға моральдық құқық сақтап қалғанмен, оған бірқатар шектеулер қойылады.

Сыншылардың пікірінше, қызметкерлер жасаған туындының алғашқы иелігін жұмыс берушіге беру арқылы британдық заң туындыгерлердің шығармашылыққа ынтасынан айырады. 64 Сонымен бірге, британдық заң қызметкер-авторлардың өз шығармашылығына табиғи құқықтарын мойындамайды. Осылайша британдық заң авторлық құқықтың негізгі қағидаттарын сақтамайды. Осы сияқты аргументтерге жауап ретінде жұмыс берушілер туындыны жасамауы мүмкін, бірақ шығармашылықты қаржымен және материалдармен қамтамасыз етеді. Осы арқылы олар жаңа туындының дүниеге келуіне маңызды үлес қосады. Ал бірінші иеліктің жұмыс берушіге тиісілі болуы оларды туындыгерлерге қолайлы инфрақұрылымға қаржы жұмсауға ынталандырады. Қызметкерлерге қарағанда жұмыс берушілердің туынды авторлық құқығын пайдалануға мүмкіндігі мол, сондықтан авторлық құқықты қызметкерлерден гөрі жұмыс берушілерде қалғаны дұрыс деген пікір айтылады. Иеліктің жұмыс берушілерге берілуін жақтайтын тағы бір уәж жұмыс берушіге алғашқы иелікті ресми түрде беретін ереже болмаған жағдайда жұмыс берушілер бәрібір қызметкерлерден авторлық құқықтарын беруін талап ететінін алға тартады. Заңның 11(2)-бөлімінде қарама-қарсы жағдайда іс жүзінде ескертіп, операциялық шығындарды азайтуға қызмет етеді. Алғашқы иелік жұмыс берілгенде жұмыскерлер өздерінің шығармашылық еңбектеріне лайықты сыйақы алмайды деген уәжге қызметкерлердің еңбегі жалақы, тұрақты жұмыс орны пен туындының насихатталуы арқылы өтеледі деп қарсы уәж айтылады.

Қызметкер-авторлардың туындысына алғашқы иеліктің жұмыс берушіде қалуына жақтайтын аргументтер қаншалықты түйткілді болғанмен, бұл бағыт Ұлыбританияның осы саладағы саясатында басымдыққа ие. Атап айтқанда, 1956 жылғы Авторлық құқық туралы заң бойынша қызметтегі журналистер авторлық құқықты газетпен бөлісетін еді. Бұл «аномалия» 1988 жылы қабылданған заңда жойылды. 66 Нәтижесінде, қолданыстағы заңға сәйкес, қызмет бабында жасалған барлық туындылардың авторлық құқы (керісінше келісім болмаса) жұмыс берушіге қарайды.

Жұмыс берушінің туындының авторлық құқықтарының алғашқы иегері болуы үшін:

- әдеби, драмалық, музыкалық, көркем өнер туындыларын немесе фильмді қызметкерлер жасағанын;
- туындының қызмет бабында жасалғанын;
- керісінше келісім жоқ екенін көрсетуі тиіс.

1988 жылғы заңда «қызметкер» дегеніміз – еңбек шарты негізінде немесе іс-тәжірибеден өту үшін жұмысқа алынған тұлға. Еңбек келісімшарты пен қызметті көрсету туралы келісімшарттың бір-біріне ұқсамайды. Жалпы, біреудің қызметкер екенін анықтау аса қиындық тудырмайды. Дегенмен еңбек қатынастарының көптігі сонша, олардың кейбіреуін нақты еңбек қатынастарына жатқызу оңай емес. Мұндайда келісімшарттың - еңбек келісімшарты екенін анықтаудың жеңіл тәсілі жоқ. Жұмыс беруші авторлық құқықтың алғашқы иеленушісі болуы үшін туындының «қызмет бабында жасалғанын» дәлелдеу қажет. Автор қызметкер болғанымен, туынды қызмет бабында жасалмаса, автор авторлық құқық меншігін сақтап қалады. Туындының қызмет бабында дүниеге келген-келмегені қаралатын істің нақты жағдаяттарына байланысты.

Туындының қызмет бабында жасалған-жасалмағанын анықтау кезінде соттарға бағдар болған маңызды фактордың бірі – «жасалған туынды жұмыс беруші беруші орынды күтетін немесе жұмыс беруші талап ететін іс-әрекет түріне жата ма?» Өз кезегінде бұл қызметкердің міндеттерінің аясына байланысты. Жұмыстың үйде орындалуы немесе қызметкердің жеке ресурстарын пайдалануы туындының міндетті



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық және бірінші құқық иеленушілер

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

түрде қызметтік міндет аясынан тыс екенін білдірмейтінін атап өткен жөн Сайып келгенде, туындының жұмыс бабында жасалғаны еңбек келісімшартына қарай анықталады. Сондықтан бағдарлама жұмыстан тыс уақытында жазылғанмен, қызмет бабында жасалған туынды деп есептеледі. Сот «қызметкер бағдарламалық жасақтаманы жұмыстан тыс уақытында, өзінің компьютерімен жазғанмен, туынды жұмыс беруші жүктеген тапсырма аясына кіретіндіктен, қызмет бабында жасалғаны даусыз» деп шешім шығарды.

Қорытындылай келгенде, қызмет бабында жасалған туындылардың авторлық арада керісінше келісім болған кезде жұмыс берушінің меншігі ретінде қабылданбайды. Мұндай келісім жазбаша немесе ауызша, тікелей немесе ұйғарынды болуы мүмкін. Егер туынды Қауымдар Палатасы немесе Лордтар Палатасының жетекшілігімен немесе бақылауымен жасалса, тиісті палата туындының авторлық құқықтарыны иеленеді. Аталмыш парламенттік авторлық құқық туынды дүниеге келген күннен бастап 50 жылға созылады. Парламент қарауына берілген барлық заңдар парламенттік авторлық құқыққа ие, алайда, олардың күші корольдік келісімімен, кері қайтарып алу немесе қабылдамау арқылы жойылады. Халықаралық ұйымның офицері немесе қызметкері жасаған әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындысының авторлық құқығының бірінші иегері - ұйымның өзі. Автор – бірінші иегер деп танылатын жалпы ережеден тыс тағы бір айрықша жағдай кейбір сәттерде, айталық тұлға біреуге туындыға тапсырыс берген кезде пайда болады. 1988 жылғы заңға сәйкес, тапсырыспен жасалған туындының авторы оның авторлық құқығының иегері ретінде танылады. Алайда, кейбір жағдайларда сот тәуелсіз мердігер авторлық құқықты тапсырыс берушіге беруге міндетті деп ұйғаруы мүмкін. Бұл тапсырыспен жасалатын туындының авторлық құқығына сенім ұялатып, тапсырыс берушіні тең құқықты иегер ете алады.

Фидуциарлы міндеттерді немесе сенімді бұза отырып жасалған туындылардың авторлық құқығы осы міндетті тапсырған тұлғаға деген конструктивті сенім негізінде анықталады. Сәл де болса құқықтық үйлестіру болған жерде авторлық және қызметтегі авторлардың мәселесі бірқатар сұрақ тудырады. Әлінде айтып өткеніміздей, режиссерді кинематографиялық туынды авторларының бірі ретінде қарастырғанда, фильмдерге қатысты мәселе біржақты қаралған еді. Тек жұмыс бабында жүріп компьютерлік бағдарламаны ойлап тапқан авторлардың позициясына қатысты құқықтық үйлестіру жүзеге асты: Бағдарламалық жасақтама туралы директива осындай жолмен жасалған бағдарламалардың мүлтік құқықтарының барлығын тек жұмысшы берушіге берілуін талап етеді. 97 Мүше-мемлекеттердегі ішкі нормаларындағы айырмашылықтар авторлық құқықпен қорғалған белгілі бір туындының авторы немесе иесі кім екенін жөнінде әртүрлі қорытындыларға алып келгенмен, Еуропалық Комиссия бұл саланы жақын арада үйлестіруді қолға алуы екіталай. Өйткені аталған ережелер авторлық құқықтың аясынан шығып кетеді, әсіресе, еңбек қатынастарындағы ұлттық дәстүрлерге қатысты қималы саяси түйткілдерге қозғау салады.

Еуропа сотының бұл тұрғыдан белсенділік танытатынын тап басып айту қиын. Түрлі директивалар мүше мемлекеттерден «авторларды» үйлестірілген құқықтармен қамтамасыз етуді талап етеді. Ұлттық заңға сілтеме жасалмайтындықтан, Сот «автор» терминін еуропалық құқықтың дербес ұғымы ретінде қарастыруы мүмкін. Ондай кезде Сот автордың заңды тұлға емес, адам болуын табанды түрде талап етуі мүмкін. «Автор дегеніміз – интеллектуалдық шығармашылықтың қайнаркөзі болатын жеке тұлға» десек, барынша айқын анықтама болар еді.